



«Бәрі де ана бір өзіңнен басталады» мәнерлеп оқу байқау ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы ереже «Бәрі де ана бір өзіңнен басталады» мәнерлеп оқу байқауын өткізу тәртібі мен ережелерін анықтайды.
- 1.2. Байқаудың ұйымдастырушысы – Алматы автомобиль және сән индустриясы колледжі.
- 1.3. Байқау – автордың немесе танымал жазушылардың шығармаларын дауыстап оқу бойынша жарыс түріндегі іс-шара.

2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері

- 2.1. Қазақстанның мәдениеті, тілі мен дәстүрлеріне құрмет сезімін тәрбиелеу. Жазушылар мен ақындардың шығармаларына қызығушылықты арттыру.
- 2.2. Көркем оқу және сахналық сөйлеу дағдыларын дамыту.
- 2.3. Қатысушыларда туған анаға, мәдениетке және тілге деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін қалыптастыру.
- 2.4. Әрбір қатысушының талантын ашуға көмектесу.

3. Қатысушылар:

Байқауға 1-2курс студенттері қатыса алады.

4. Байқау шарттары

- 4.1. Конкурсқа өтінімдер **2025 жылдың 7-ші наурызына** дейін aigul2201@mail.ru электронды поштасына қабылданады
- 4.2. Мәнерлеп оқу байқауы **2025 жылдың 14 наурызында** Алматы автомобиль және сән индустриясы колледжінің акт залында өтеді.
- 4.3. Шығармашылық көрсетілімнің ұзақтығы 3-5 минуттан аспауы керек.
- 4.4. Жеңімпазды қазылар алқасы анықтайды.

5. Байқаудың тақырыбы:

- 5.1. Анаға, отбасы мен Отанына деген сүйіспеншілікті білдіретін шығармаларды оқу. Байқаудың тақырыбы — «Бәрі де ана бір өзіңнен басталады»
- 5.2. Қатысушыларға осы тақырыпқа арнап ақындар мен жазушылардың өлеңдерінен немесе шығармаларынан үзінділерді оқу ұсынылады.

6. Қатысушыларды бағалаудың негізгі критерийлері

- 6.1. Байқау тақырыбына сәйкестік;
- 6.2. Сөйлеу техникасы мен мәдениеті;
- 6.3. Шығармашылық оқудың әсерлілігі;
- 6.4. Орындаудың түпнұсқалығы;
- 6.5. Әдеби шығарманың мағыналық жүктемесін түсіну;
- 6.6. Артистік шеберлік;
- 6.7. Орындаушының сыртқы келбеті.

7. Байқауды өткізу кезеңдері:

- 7.1. Қатысушыларды тіркеу. Әр қатысушы байқауға қатысу үшін өтінішті көрсетілген күнге дейін толтырады.
- 7.2. Шығармаларды ұсыну: Қатысушылар кезекпен сахнада өз шығармаларын ұсынады.
- 7.3. Қазылар алқасының бағалауы.
- 7.4. Нәтижелерді қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау: Байқау нәтижелерін жариялау және жеңімпаздарды дипломдармен және сыйлықтармен марапаттау.

Байланыс ақпараты:

«Жалпыгуманитарлық пәндер» ӘЦК төрағасы- Телеубаева Рысхан
Аманбековна r_teleubaeva@mail.ru +7747 381 62 35
Орыс тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы –Шабжанова Айгул
Абдикаримовна aigul2201@mail.ru +7 701 649 56 00

Әдістемелік кеңес отырысында қаралып,
мақұлданды
«10» ақпан 2025 жыл Хаттама № 5

Қосымша 1

«Бәрі де ана бір өзіңнен басталады» мәнерлеп оқу байқауына қатысу үшін өтінім

Қатысушының аты-жөні (курс, мамандық)	
Шығарманың авторы және атауы	
Жетекшінің аты –жөні, телефоны	